

Мәслихаттың 2014 жылғы 11 наурыздағы № 172 "Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2018 жылғы 30 мамырдағы № 271 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 21 маусымда № 7881 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 24 наурыздағы № 145 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.03.2022 № 145 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 11 наурыздағы № 172 "Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4609 тіркелген, 2014 жылғы 30 сәуірде "Арна" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының

кезектен тыс сессиясының төрағасы

Қостанай аудандық мәслихатының хатшысы

С. Байгабулов

Б. Копжасаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қостанай облысы

Қостанай ауданы

Александров ауылдық
округінің әкімі
_____ А. Сейдахметов
"30" мамыр 2018 жыл

Мәслихаттың
2018 жылғы 30 мамырдағы
№ 271 шешіміне қосымша
Мәслихаттың
2014 жылғы 11 наурыздағы
№ 172 шешіміне қосымша

Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің Александровка ауылының тұрғындарына	30
2	Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің Еңбек ауылының тұрғындарына	12
3	Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің Жуковка ауылының тұрғындарына	6